

## Түлектер агрономия факультетінің мақтанышы

Агрономия факультетін бітірген түлектердің басым бөлігі мемлекеттік органдарда жетекші қызметтерді атқарып, ірі шаруашылықтардың басшылары, ғылымның көрнекті қайраткерлері. Түлектердің – агрономдардың мансаптық өсуі факультеттің үлгісі мен мақтанышы.

**Қанат Шұбайұлы Кожукаев**, 1961 жылы Целиноград ауылшаруашылық институтының агрономиялық факультетін «агроном» мамандығы бойынша тәмамдаған. Бүгінгі таңда **Ұлытау облысы Жаңаарқа ауданының әкімі** қызметін атқарады. Еңбек жолын 1991 жылы Жаңаарқа ауданындағы «Дружба» кеңшарында агроном болып бастап, кейін әр салада қызмет атқарып, ауданның өркендеуіне зор үлес қосты және қосып келеді.

1993 жылы аудандық жер ресурстарын басқару комитетінің бас маманы болып, 1999 жылға дейін жұмыс істеп, «Жер ресурстары мемлекеттік ғылыми-практикалық орталығының» Жаңаарқа жер-кадастрлық филиалының директоры болып тағайындалды. 2005-2010 жылдар аралығында Қанат Шұбайұлы «Жылжымайтын мүлік орталығы» МКҚК Қарағанды облысы бойынша филиалының маманы, кейін менеджері, кейіннен директоры болды. Сондай-ақ, осы кезеңде аудандық әділет басқармасының заң кеңесшісі қызметін атқарған. 2010 жылы Қарағанды ғылыми-өндірістік орталығы Жаңаарқа филиалының директоры қызметін атқарғаннан кейін, 2011 жылы Жаңаарқа ауданы әкімі аппаратының меңгерушісі, одан кейін 2016 жылы Жаңаарқа ауданы әкімінің орынбасары, 2023 жылдан бастап Жаңаарқа ауданының әкімі болды.

**Ғауез Торсанұлы Нұрмұхамбетов Солтүстік Қазақстан облысының әкімі**, 1992 жылы агрономия факультетін «ғалым агроном» мамандығы бойынша бітіріп, еңбек жолын 1985 жылы Қостанай облысы Комсомол ауданындағы «Магнай» кеңшарында механизатор болып бастады. 1992-1996 жылдары Торғай облысы Октябрь ауданындағы Вильямс атындағы кеңшарда, одан кейін Қостанай облысы Қостанай ауданындағы «Московский» кеңшарында бас агроном болып жұмыс істеді. 1996-1997 жылдары Ғауез Торсанұлы Қостанай облысы Комсомол ауданындағы «Боскольское» коммуналдық кәсіпорнының атқарушы директоры болды.

Оның мемлекеттік органдардағы басшылық қызметтерде тәжірибесі мол. 1997 жылдан 2014 жылға дейін әр уақытта Таранов ауданы, Қарабалық, Әулікөл аудандарының әкімі болды, сонымен қатар екі рет Қостанай облысы Қостанай қаласының әкімі болып тағайындалды. Сонымен бірге ол «ПТК Содружество» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі директорының орынбасары қызметін атқарды. Ғауез Торсанұлы 2014-2015 жылдар аралығында Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің мемлекеттік бақылау және ұйымдастыру-аумақтық жұмыс бөлімінің мемлекеттік инспекторы қызметін атқарған. 2015-2023 жылдары Қостанай облысы

әкімінің бірінші орынбасары қызметін атқарды. Одан кейін 2023 жылдың қаңтар-қыркүйек айлары аралығында Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты болды, одан кейін Солтүстік Қазақстан облысының әкімі болып тағайындалды.

**Марат Әскенұлы Нәбиев «Он-Олжа» ЖШС бас директоры, Сәкен Сейфуллин атындағы ҚазАТУ түлектер клубының негізін қалаушы, құрметті профессор 1978 жылы Целиноград ауыл шаруашылығы институтының агрономия факультетін «ғалым агроном» мамандығы бойынша бітірген.**

Марат Әскенұлы 1978-1984 жылдар аралығында Целиноград облысы Макинск ауданындағы «Колоколовский» және «Заветы Ильича» совхоздарында агроном, бас агроном болып қызмет етті. Одан кейін 1984-1991 жылдары Целиноград облыстық партия комитетінің жауапты ұйымдастырушысы болды. 1991-1999 жылдары Целиноград аумақтық мемлекеттік мүлік комитетінің бөлім меңгерушісі, «Есіл» АҚ президенті, «Есіл» банкі директорлар кеңесінің төрағасы, «Лисаковский ГОК» АҚ президенті қызметтерін атқарған. 2000 жылдан 2006 жылға дейін «Ақмола вагон жөндеу зауыты» АҚ бас директоры және президенті қызметін атқарған Марат Әскенұлы 2006 жылы «Он-Олжа» көмір өндіруші ірі кәсіпорынның бас директоры қызметін атқарды.

**Болгова Татьяна Петровна «Щелково Агрохим-KZ» ЖШС бас директоры агрономия факультетін бітіргеннен кейін** өзінің туған жері Целиноград ауылшаруашылық институтының қабырғасында өсімдік физиологиясы кафедрасында жұмыс істеді. Содан кейін Татьяна Петровна кәсіби қызметін «Фитосанитария» МКҚК-да жалғастырды, онда ол өндірістік бөлімнің бастығы қызметін атқарды. Ол ауылшаруашылық өнімдерін нитраттар мен пестицидтердің қалдықтарына сынайтын токсикологиялық зертханалар желісін басқарды. Сонымен қатар, бұл ұйым республика аумағында өсімдіктерді қорғау құралдарын тіркеумен айналысты. Осылайша, 2005 жылдан бастап «Щёлково Агрохим» серіктестігімен жұмыс істей бастады, ал 2009 жылдан бастап компанияның Қазақстандағы өкілдігі – «Щёлково Агрохим-KZ» ЖШС басшысы болды.

**Бабкенов Әділхан Темірханұлы еліміздің көрнекті ғалым-селекционері,** ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, Қазақстан Республикасының егіншілік және өсімдік шаруашылығы саласындағы ірі ғылыми орталығы болып табылатын А.И.Бараев атындағы ғылыми-өндірістік орталығының бидай шаруашылығы бөлімінің меңгерушісі. **Агрономия факультетін бітіргеннен кейін 1987 жылы** Бүкілодақтық астық шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтында, жаздық қатты бидай селекциясы зертханасында агроном болып ғылыми жұмысын бастады. Оның тікелей қатысуымен Солтүстік Қазақстан жағдайлары үшін қолайсыз экологиялық факторларға тұрақты жоғары өнімді және астық сапасын тұрақты беретін бидайдың бәсекеге қабілетті сорттарын шығару бойынша

ғылыми зерттеулер жүргізілуде. Әділхан Темірханұлы жаздық жұмсақ бидайдың 15 сортының авторы, қазақстандық және шетелдік ғылыми журналдарда 100-ден астам ғылыми жарияланымдары жарияланған.

Агрономия факультеті ұстаз, кәсіпкер, елге танылған басшы, белгілі ғалымдар мен ірі қоғам қайраткерлері атанып, еліміздің барлық салалар мен бағыттар бойынша дамуына зор үлес қосып жүрген көптеген түлектердің іс-әрекетінің бастау нүктесіне айналды.